



ШЕШІМ
РЕШЕНИЕ

2019 жылғы 6 мамыры
Шалқар қаласы

№ 338

город Шалқар

Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы**

Ж.Былқайыр

**Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы**

С.Бигеев

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 15.05.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6144 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр,
14.05.2019 18:14:36, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - секретарь маслихата Скак Изтлеуович Бигеев, 14.05.2019
18:15:29, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр,
14.05.2019 18:16:31, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев,
15.05.2019 10:04:46, положительный результат проверки Э

Шалқар аудандық мәслихатының
2019 жылғы 6 мамырдағы

Шалқар аудандық мәслихатының
күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы №161 «Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3924 санымен тіркелген, 2014 жылғы 12 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

2. Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі №11 «Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы» 2014 жылғы 27 мамырдағы №161 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4897 санымен тіркелген, 2016 жылғы 20 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

3. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы №86 «Шалқар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы №161 «Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5300 санымен тіркелген, «Шалқар» газетінде 2017 жылғы 17 наурызда жарияланған) шешімі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 15.05.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6144 болып енгізілді

Результаты согласования

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6144 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 15.05.2019.

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр, 14.05.2019 18:14:36, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - секретарь маслихата Скак Изтлеуович Бигеев, 14.05.2019 18:15:29, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Шалкарского районного маслихата» - Председатель сессии Жанкелді Шыманұлы Былқайыр, 14.05.2019 18:16:31, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 15.05.2019 10:04:46, положительный результат проверки ЭЦП

ЦП